

**Мәслихаттың 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 471 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 16 шешімі. Қостанай облысы Қостанай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 ақпанда № 9-14-170 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 71 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012.12.20. № 71 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 471 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-14-158 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 21 қазанда "Арна" газетінде жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағының 6), 7) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"6) Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне бір жолғы, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, бір жолғы, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының  
кезекті сессиясының төрағасы А. Аксаутова

Қостанай аудандық  
мәслихатының хатшысы А. Досжанов

**КЕЛІСІЛДІ:**

Қостанай ауданы әкімдігінің  
"Жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ В. Панин

Қостанай ауданы әкімдігінің  
"Экономика және қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ З. Кенжегарина